

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

**БЕКІТЕМІН**  
Кафедра меңгерушісі  
Қауымдастырылған  
профессор, т. ғ. к.  
Акатаева А. А.  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж.

**СИЛЛАБУС**

**КОД HUM1242 «Философия»**

**Барлық мамандықтарға арналған**

**\_\_\_\_\_ 2 \_\_\_\_\_ кредита**

**Семестр: 1, 2. 2019-2020 оқу жылы**

**Алматы, 2019**

**Ә. Машани атындағы базалық білім беру институты**

**«Қоғамдық пәндер» кафедрасы**

**1. Оқытушылар жайлы ақпарат:**

**Оқытушы  
(тәжірбиелік сабақтар)**

Токтаров Е.Б

Офистік сағаттар (бейсенбі 11.00 - 13.00),

812 кабинет

Email – [toktarov.yermek@gmail.com](mailto:toktarov.yermek@gmail.com)

**2. Күрстың мақсаты:**

Кез келген адамның өзін қоршаған дүние жөнінде қалыптасқан белгілі бір көзқарасы болады, бірақ ол көзқарас көбінесе теориялық жағынан ой жіберілмеген, негізделмеген, түрлі қарама-қайшы түсініктілердің үзінділерінен құралады. Философия табиғаттың, қоғамның және адам ой-жүйесінің дамуының жалпы заңдарын зерттейтін ілім. Философия пәнінің басты ерекшелігі – әлемді, бүкіл дүниені біртұтас ретінде қарастыра отырып, ішкі байланысын, өзара қарым-қатынасын қарастыра білуінде. Дүниеге философиялық көзқарас жай өз принциптерін жариялап, оларды адамдардың санасына сіңіріп қана қоймай, ол принциптерді дәлелдеп, логикалық тұрғыдан қорытып шығарады.

**Оқыту міндеттері**

- Дүниетанымдық және әдіснамалық мәселелер саласында қажетті білім алу дағдысын қалыптастыру;
- Диалектика принциптерін қолдану бойынша дағдыны қалыптастыру дүниетанымды жүйелеу, яғни байланысты Реттеу, Орнату, сәйкессіздіктерді анықтау, басты және екінші дәрежелі;
- Өзінің өмірге деген көзқарасын анықтау және қоршаған ортамен үйлесім табуы бағалау дағдысын қалыптастыру және дамыту.
- Болашақ мамандарда философиялық-дүниетанымдық және әдіснамалық мәдениет негіздері тұлғааралық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру;
- Рухани және материалдық құндылықтардың арақатынасын, олардың адам, қоғам өміріндегі рөлін ажырата білу, студенттерді өз бетінше, логикалық және сыни ойлауға үйрету;
- Ғылыми-зерттеу қабілеттерін дамыту және зияткерлік және шығармашылық әлеуетті қалыптастыру.
- өзіндік ерекше жеке тұлғалық көзқарасты қалыптастыру;
- пәнді оқу арқылы студент ой өрісін арттырып, өмірлік маңызы бар танымын тереңдету;
- өз бетімен сыншылдық және логикалық ойлау дағдысын қалыптастыруға үйрету;
- барлық ғылымдардың пайда болу тарихынан білімін кеңейту;
- пәнді оқу арқылы барлық нақтылы ғылымдардың қалыптасу тарихын, негізгі даму кезеңдерін ұғынуға жетелеу.

**Оқытудың қорытынды нәтижелері:**

**Когнитивті құзыреттілікті қалыптастыру:** өз қызметінің мақсатын қоя білу және оны қабылдай білу, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы базалық білім және олардың әдістерін кәсіби және әлеуметтік қызметтің әртүрлі түрлерінде қолдану

**Операциялық құзыреттілікті қалыптастыру:** өз қызметін бағдарламалай білу; жоспар құру, оның нәтижелерін болжау; орындалатын әрекеттерді түсіну және негіздеу, білімді жаңа жағдайға көшіру, білімді тәжірибеде қолдану қабілеті

**Коммуникативтік қабілеттілікті қалыптастыру:** ақпаратты моделдеу, нақты пән саласы шеңберінде негізгі ақпаратты жинақтау және бөліп шығару.

**Құқықтық құзыреттілікті қалыптастыру:** мемлекеттің өкілеттіктеріне, құқықтары мен міндеттеріне сәйкес белгілейтін немесе санкциялайтын адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік нормалары мен ережелерін білу және орындау.

**Өзіндік білім алуды қалыптастыру:** өз бетінше жұмыс істеу қабілеті; мәселелерді шешу қабілеті; зерттеу дағдылары, ғылымның дамуы жағдайында және өзгермелі әлеуметтік практикада жинақталған тәжірибені қайта бағалауға, өз мүмкіндіктерін талдауға қабілетті болу, қазіргі заманғы ақпараттық білім беру технологияларын пайдалана отырып, жаңа білім ала білу.

### **3. Курстың сипаттамасы:**

Философияның зерттеу объектісі адам-әлем қатынасы болып табылады, бұл қарым-қатынас адам қандай да бір тұрақты өмірлік бағдар ала алу үшін, өз болмысының мағынасын табу үшін, сондай-ақ ұсынылып отырған курстың объектісі оның мәдени-тарихи дамуындағы және қазіргі жағдайдағы рухани өндірістің ерекше нысаны ретінде философия болып табылады.

Философиялық дүниетаным, яғни жалпы әлемге және адамның осы әлемге деген көзқарасының жиынтығы. Философия дүниетанымның өзге формаларынан ерекшеленеді, ең алдымен, қоғамдық сананың ғылыми саласына жатады және өзінің дамуында қандай да бір пәнге емес, барлық ғылымдарға, адамзат дамуының бірыңғай жиынтық тәжірибесіне сүйенетін арнайы категориялық аппараты бар. Философияның мәні "Әлем-Адам" жүйесіндегі жалпы проблемалардың ой-пікірлері болып табылады.

Философия курсы оқу арқылы студенттің ой өрісі, білімі кеңейеді, кәсіби іс-әрекеттің әлеуметтік-экономикалық және мәдени-өнегелік салдарын болжау мүмкіндігін ашады; үзіліссіз білім алу қажеттігін дамытады, жүйелі ойлауға, өзінің қоршаған ортамен келісімде болуына жол ашады. Өзіндік ұстанымның қалыптасуына ықпал жасайды

### **4. Пререквизит:**

✓ «Қазіргі Қазақстан тарихы».

### **5. Постреквизит:**

✓ Ғылым мен философия тарихы

### 6. Әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер	Қосымша әдебиеттер
[1] С. Мырзалы. Философия оқулығы. А. 2012	[10] Философская антропология. Составители: А.М.Бобр, Е.В. Хомич // Минск. 2009
[2] Нұрышева Г.Ж. «Философия» – Алматы: Инжу-маржан, 2013.	[11] Касымжанов А.Х., Кельбуганов А. О культуре мышления. А. 2005

[3] Макулин А.В. История философии. М. 2013	[12] Орынбеков М.С. Духовные основы консолидации казахов. А. 2001
[4] Бекахметов Г., Коржумбаева А. Основы критического мышления. Астана	[13] Бертран Р. «История западной философии» – М.: Издатель Litres, 2018. – 1195 с.
[5] Голубинцев В.О. и др. Философия для технических вузов. Ростов-на-Дону, 2010,	[14] <a href="http://www.alleng.ru/edu/philos.htm">www.alleng.ru/edu/philos.htm</a>
[6] Аблеев С.Р. История мировой философии М. 2015	[15] <a href="http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/index_philos.php">http://www.gumer.info/bogoslov_Buks/Philos/index_philos.php</a>
[7] Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Астана, 2018.– 216 б.	[16] <a href="http://www.klex.ru">www.klex.ru</a>
[8] Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы. Астана, 2018. – 408 с.	[17] Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.– 360 с.
[9] Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-том: Орта ғасыр философиясы». Астана, 2018. – 400 с.	[18] Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны. Астана, 2018. – 496 с.

7. Күнтізбелік тақырыптар жоспары:

Апта	Дәріс тақырыбы	Тәжірбиелік жұмыстар тақырыбы	Әдебиеттерге сілтеме	Тапсырма	Тапсыру мерзімі (апта)
1	Кіріспе. Ойлау мәдениетінің пайда болуы. Философияның пәні мен қызметі	Философияның пәні, қызметтері мен міндеттері. Философия және дүниетаным.	[1] 7-25 [8] 5-15 [10] 88-896 [12] 7-12		
2	Философияның тарихы типтері.	Философияның құрылымы мен бөлімдері.	[14] [15] [5] 54-69 [2] 15-26	Презентация (СӨЖ үшін эссе тақырыбын таңдау)	2
3	Сана, жан және тіл. Сана феномені.	Сана онтологиялық мәселе ретінде.. Сананың қалыптасуын анықтайтын факторлар. Сана және бейсаналық: салыстырмалы талдау философиялық тұжырымдамалар.	[1] 7-25 [8] 5-15 [10] 54-60 [12] 7-12	Кесте толтыру.	3

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

Апта	Дәріс тақырыбы	Тәжірбиелік жұмыстар тақырыбы	Әдебиеттерге сілтеме	Тапсырма	Тапсыру мерзімі (апта)
4	Болмыс. Онтология және метафизика.	Болмыстың субстанциялық тұжырымдарын бағалау және онтологияның негізгі категорияларын талқылау.	[1] 7-25 [8] 5-15 [10] 54-60 [12] 7-12	Дереккөздермен жұмыс жасау.	4
5	Таным философиялық мәселе ретінде Таным субъектісі мен объектісі.	Таным теориясы. Білім және таным. Танымның түрлері мен деңгейлері..	[1] 7-25 [8] 5-15 [10] 54-60	(СӨЖ тапсыру)	5
6	Ғылым, техника және технологиялар.	Ғылымдағы әдіс мәселесі. Ғылым және техника. Қазақстанның үшінші жаңғыртуындағы сандық технологиялар.	[14] [15] [5] 54-69 <b>[2] 15-26</b>	Салыстырмалы анализ	6
7	Адам. Адам философияның негізгі мәселесі ретінде.	Философиялық антропология. Философия тарихындағы адам мәселесі.	[14] [15] [5] 54-69 [2] 15-26	Эссе	7
8	Өмір және өлім. Өмірдің мәні.	Өмірдің мәні мәселесі тарихынан философиялық ой: фатализм, гедонизм, волонтаризм, функционализм арасындағы айырмашылықты анықтау	[14] [15] [5] 54-69 <b>[2] 15-26</b>	Презентация (СӨЖ тапсыру)	8
9	Этика. Құндылықтар философиясы.	Адам өмірі мен қоғам өміріндегі құндылықтар.. қазақ философиясының экзистенциалдық сипаты.	[5] 54-69 [2] 15-26 [14] [10] 93-946	Презентация	9
10	Білім беру философиясы.	Оқыту мен білім беруді философиялық тұрғыдан түсінуді	[1] 7-25 [8] 5-15 [10] 54-60 [12] 7-12	Дереккөздермен жұмыс жасау.	10
11	Еркіндік философиясы	Еркіндік мәселесін түсінуді және талқылау	[5] 54-69 [2] 15-26	Дереккөздермен	11

Апта	Дәріс тақырыбы	Тәжірбиелік жұмыстар тақырыбы	Әдебиеттерге сілтеме	Тапсырма	Тапсыру мерзімі (апта)
			[14] [10] 93-946	жұмыс жасау	
12	Қоғам мен мәдениет	Қоғамдық сана феномені: түрі, құрылымы, мәні. ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік санасын жаңартуының мәні. Қазіргі заманның жаһандық мәселелері.	[5] 54-69 [2] 15-26 [14] [10] 93-946	Эссе (СӨЖ тапсыру)	12
13	Тарих философиясы.	Тарих философиясының объектісі мен пәні. Қазақ философиясындағы тарихи даму мәселесін талқылау.	[5] 54-69 [2] 15-26 [14] [10] 93-946	Дереккөздермен жұмыс жасау.	13
14	Дін философиясы.	Қазіргі мәдениеттегі дін философиясы.	[5] 54-69 [2] 15-26 [14] [10] 93-946	Презентация	14
15	«Мәңгілік ел» және «Рухани жаңғыру» – Қазақстанның жаңа философиясы.	«Мәңгілік Ел» стратегиясы мен «Рухани жаңғыру» жобасы Қазақстанның тарихы дамуының жаңа бағыты ретінде.	[5] 54-69 [2] 15-26 [14] [10] 93-946. Касымбеков, С.Ж. Пралиев Мангілік Ел учебник для вузов. Алматы 2015	Презентация	15

\*Күнтізбелік-тақырыптық күнтізбеде мейрам күндеріне байланысты өзгерістер енуі мүмкін.

#### 8. Тапсырмалар және оларды орындаудың қысқаша әдістемелік нұсқаулары:

✓ Студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ):

**СӨЖ тақырыптары:**

- |  |
|--|
| 1. Адамның дүниетанымдық озінанықтауы және философиядағы орны.                                   |
| 2. Философияның мәдениет контекстіндегі тарихы типтері. Шығыс мәдениетіндегі философия феномені. |

3. Ежелгі грек философиясындағы дүниетанымдық бағдарларды салыстармалы талдау.
4. Араб-мұсылмандық және батысеуропалық философиясындағы сана мен білім арақатынасы: салыстырмалы талдау.
5. Қайта өрлеу мәдениетіндегі философия.
6. ХІХ және ХХ ғғ. мәдениетіндегі батыс еуропалық философия.
7. Маркстың концепциясы: ия және жоқ.
8. Қазақ философиясы.
9. Болмыс философиясы.
10. Адам оның мәні мен тіршілік етуі.
11. Адам мен қоғам болмысындағы табиғилық пен мәдениеттіліктің арақатынасы.
12. Мәдениеттегі ғылымның, өнердің, дін мен моральдың арақатынасы.
13. Диалектика теориясының мәселелері. Эпистемология.
14. Жахандану жағдайындағы мәдени өзіндік болмысын сақтап қалу мәселелері.
15. Рухани Жанғырудың дүниетанымдық-идеологиялық мәні. «Мәңгілік Ел» стратегиясы

### **СӨЖ бағалау критериилері**

8 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалғанда, идеясы ашық және түсінікті болғанда;
- ұсынылған материал тақырыпқа сай болса;
- автор берілген тақырыпта өз ұстанымын бейнелесе, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірген жағдайда.

6 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалғанда, идеясы ашық және түсінікті болғанда;
- ұсынылған материал тақырыпқа сай болса;
- автор берілген тақырыпта өз ұстанымын жазбаса, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірмеген жағдайда.

3 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалғанда, идеясы жоқ және түсініксіз болғанда;
- ұсынылған материал тақырыптан алыстау болса;
- автор берілген тақырыпта өз ұстанымын жазбайды, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірмейді.

0 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалмағанда;
- ұсынылған материал тақырыпқа сай болмаса;
- автор берілген тақырыпта өз ұстанымын жазбайды, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірмейді.

### **Эссе жазуға қойылатын талаптар:**

1. Эссе көлемі 1-2 беттен аспауы тиіс. (аз дегенде 100 с, максимум – 150 сөз)
2. Эссе толық, біртұтас қабылдануы керек, идеясы ашық және түсінікті болуы керек.
3. Қысқа және нұсқа жазу керек. Эссе тек өзіңіздің ұстанымыңыздың, идеяңызды қамыту қажет, керексіз ақпарат болмауы керек.
4. Эссе жазудың мақсаты оқушының өз ойын ашық, бүкпесіз жеткізуі.
4. Эссенің құрылымы логикаға сай, дұрыс және сауатты болуы қажет.
5. Эссенің әрбір жаңа жолы тек қана бір негізгі ойды білдіруі керек.
6. Эсседен автордың теориялық ұғымдарды, терминдерді, дүниетанымдық идеяларын саналы түрде қолданғаны көрініп тұруы қажет.
7. Эсседе берілген мәселені толық ашу дәлелі болуы шарт.

- эссе авторы өз ойларын қысқаша тезис түрінде көрсетуі қажет
- ойы дәлелдермен дәлелденуі яғни, тезистерден кейін аргументтер болуы керек

- ✓ Оқытушымен бірге жасалатын жұмыстар (СӨӨЖ):
- ✓ СӨӨЖ тақырыптары (ЭССЕ)

1. Кіріспе. Философия мәдениет феномені ретінде.
2. Философияның шығыс мәдениетіндегі феномені.
3. «Қазіргі Қазақстанды үшінші модернизациялауын жүзеге асыруындағы философияның орны..»
4. «Үңгір аллегориясы : қазіргі таңдау» (Дерек Джонстонның «Краткая история философии» жұмысын қолдану ұсынылады.).
5. « М. Хайдеггердің онтологиясының негізгі ұғымдары».
6.Қайта өрлеу философиясы. Антикалық мұраттарға оралу: космоцентризм, антропоцентризм. Өнер мен ғылым дамуы. Қазіргі ғылымның пайда болуының алғышарттары.
7. Канттың категориялық аппараты. Канттың негізгі шығармалары. Гегельдің «Әлемдік рухындағы» идеясы.
8. «Гносеологиялық оптимизм, скептицизм и агностицизм»
9. XIX - XX ғғ батыс еуропалық философияның негізгі идеялары және бағыттары.
10.Тарихты философиялық тұрғыдан түсіну, әлеуметтік философия: Карл Ясперс, Данилевский, Шпенглер. Позитивизмнің үшінші толқыны, ғылым философиясы: К. Поппер, Т. Кун, И. Лакатос. Экзистенциализм: Хайдеггер, Сартр, Камю.
11. Сана қазіргі батыс философиясының басты мәселесі ретінде.
12. Постпозитившілдердің аналитикалық философиясы, структурализмнің француздық мектебі, тіл философиясының қазіргі теориялары.
13. Когнитивті ғылым: гуманитарлық, техникалық және жаратылыстану ғылымдарының тоғысуы.
14. Техниканың дамуының адам мен қоғам өміріне әсері.
15. Рухани Жанғырудың дүниетанымдық-идеологиялық мәні. «Мәңгілік Ел» стратегиясы

### СӨӨЖ бағалау критериилері

10 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалғанда, идеясы ашық және түсінікті болғанда;
- ұсынылған материал тақырыпқа сай болса;
- автор берілген тақырыпта өз ұстанымын бейнелесе, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірген жағдайда.

8 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалғанда, идеясы ашық және түсінікті болғанда;
- ұсынылған материал тақырыпқа сай болса;
- автор берілген тақырыпта өз ұстанымын жазбаса, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірмеген жағдайда.

5 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалғанда, идеясы жоқ және түсініксіз болғанда;



- ұсынылған материал тақырыптан алыстау болса;  
- автор берілген тақырыпта өз ұстанымын жазбайды, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірмейді.

0 балдық баға төменгі шарттар сақталғанда қойылады:

- тапсырма толық орындалмағанда;  
- ұсынылған материал тақырыпқа сай болмаса;  
- - автор берілген тақырыпта өз ұстанымын жазбайды, жеке тәжірбиесінен мысалдар келтірмейді.

✓ **Аралық бақылау:**

Аралық бақылау 1-2 рет ауызша және жазбаша түрде өткізіледі (коллоквиум)

✓ **Емтихан:**

**Емтихан түрлері** – бірінші теориялық сұраққа жазбаша жауап 40 % (12 балл)

- екінші сұраққа жазбаша жауап - эссе 60% (16 балл)

## ДЕРЕКӨЗДЕРМЕН ЖҰМЫС

1. Аристотель «Этика»
2. Николай Коперник «Об обращении небесных тел»
3. Джордано Бруно «О бесконечности, вселенной и мирах»
4. Т.Мор «Утопия»
5. Томазо Кампанелла «Город Солнца»
6. Френсис Бэкон «Новый Органон»
7. Э.Тоффлер «Шок будущего»
8. Джон Локк «Опыт о человеческом разуме»
9. Томас Гоббс «Левиафан»
10. Томас Гоббс «О гражданине»
11. Спиноза Б. «Этика»
12. Вольтер «Философские письма»
13. Клод Гельвеций «Об уме»
14. А.Шопенгауэр «Мир как воля и представление»
15. А.Шопенгауэр «Афоризмы житейской мудрости»
16. Э. Фромм «Бегство от свободы»
17. Э.Фромм «Анатомия человеческой деструктивности»
18. Ф.Ницше «Так говорил Заратустра»
19. Ф.Ницше «По ту сторону добра и зла»
20. К.Поппер «Открытое общество и его враги»
21. Д.Дидро «Монахиня»
22. Ж.Жак Руссо «Рассуждение о происхождении»
23. Ф. Фукуяма «Конец истории»
24. Мишель Монтень «Опыты»
25. Джордано Бруно «О бесконечности Вселенной»
26. Н. Макиавелли «О военном искусстве», «Государь»
27. Б.Спиноза «Этика»
28. Бокаччо Джованни «Декамерон»
29. Гольбах Поль Анри «Разоблаченное христианство»
30. Ламерти Жульен «Человек-машина»
31. Людвиг Фейербах «Сущность христианства»
32. Аристотель «О душе»
33. Ибн Сина «Книга знания»
34. Б.Спиноза «Трактат об усовершенствовании ума»
35. Мамардашвили Мераб «Как я понимаю философию»
36. Рассел Бертран «Брак и мораль»
37. Клаус Шваб «Четвертая промышленная революция»
38. Хайдеггер М. «Бытие и время»
39. Эдмунд Гуссерль «Картезианские размышления»
40. Жан Поль Сартр «Тошнота»
41. Хосе Ортега-и-Гассет «Этюды о любви»
42. С.Кьеркегор «Или-или»
43. Альбер Камю «Падение»
44. Мишель Фуко «Надзирать и наказывать»
45. Славой Жижек "О насилии".

**Емтихан билетінің үлгісі (мысал)**

---

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Қоғамдық пәндер кафедрасы  
Философия пәні**

**Билет № 0**

1. Ежелгі Грецияның соқратқа дейінгі философиялық мектептерінің топтамасын жасаңыз.
2. Ақпараттық қоғамның ерекшеліктерін философиялық тұрғыдан қарастырыңыз
3. Қазақ ағартушысы А. Құнанбаевтың «Адам бол!» концепциясының маңыздылығын анықтаңыз.

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Акатаева А.А.  
Құрастырушы: Манапова С.И.  
№ 3 Хаттама «\_\_» қазан 2019 ж.

\*Емтихан жауабын бағалау санаттары  
Емтихан балы – 40 балл:  
1 сұрақ - 12 балл (40%) – білім, түсіну, қолдану  
2 сұрақ - 16 балл (60%) – талқылау, жіктеу, бағалау, жаңашылдық

### **Бағдарламалық сұрақтар**

#### *1 бөлім (Тарих философиясы)*

1. Әлемнің ғылыми, философиялық, діни бейнесінің тізбектілігін ашып көрсетіңіз.
2. Қазіргі Қазақстанның үшінші модернизациялауын жүзеге асыруында философияның алар орны қандай?
3. Философия тарихының негізгі кезеңдерін атаңыз.
4. Ежелгі Үнді философиясындағы ортодоксалды және ортодоксалды емес мектептерін салыстырыңыз.
5. Саналық және бейсаналық философиялық концепцияларына салыстырмалы анализ жасап, сипаттама беріңіз.
6. Ежелгі Грецияның сократкадейінгі философиялық мектептерін жіктеңіз.
7. Антикалық диалектиканың қалыптасуын сипаттаңыз.
8. Левкипп, Демокрита пен Эпикурдың атомистік іліміне сипаттама беріңіз.
9. Сократтың «майевтика» философиялық әдісін қарастырыңыз..
10. Платонның идеялар туралы, қоғам мен таным ілімдеріне талқылаңыз.
11. Аристотелдің философиясындағы диалектика мен категорияларын жүйелеңіз..
12. Аристотелдің мемлекет және оның түрлері ілімін сарапқа салыңыз.
13. Эллиндік және рим кезеңінің философиясын жіктеңіз.
14. Теоорталық, креационизм және провиденциализм орта ғасырлық философияның басты ұғымдарын жіктеңіз.
15. Реализм және номинализм, (эмбебептылық жайында таластар), философияның негізгі сұрағы ретіндегі философия бағытын ашып көрсетіңіз.
16. Августин мен Фома Аквинскийдің философиясындағы сенім мен ақыл-ой мәселелерін жүйелеңіз..
17. Ортағұрдағы араб тілді философияның жаратылыстану, философиялық және этикалық көзқарастарына сипаттама беріңіз.
18. Қайта өрлеу философиясының: антропоцентризм, гуманизм және пантеизм ұғымдарына анықтама беріңіз.
19. Энциклопедизм, арабтілді перипатетизмнің жан-жақтылығы: Әл-Кинди, Әл-Фараби, ибн Сина, Ибн Рушд.
20. Позитивтік философияның үш кезеңін жіктеңіз.
21. Ф.Бэкон, Р.Декарт философиясындағы таным әдістерін анықтаңыз.
22. Б.Спиноза, Р.Декарт және Г.Лейбництың философиясындағы субстанция мәселесін анықтаңыз.
23. Жаңа дәуір философиясындағы (Т.Гоббс, Дж.Локк) адам мен азаматтық қоғамның мәселелерін ашып көрсетіңіз.
24. XVIII ғасырдағы Ағартушы философияның (Вольтер, Руссо, Дидро және т.б.) негізгі идеяларын көрсетіңіз.
25. Қожа Ахмет Яссауидің сопы ілімінің негізгі идеялары мен қағидаларын көрсетіңіз.
26. И. Канттың гносеология мәселелері бойынша философиялық көзқарастарын ашып көрсетіңіз.
27. Қазақ философиясының ерекшеліктерін жүйелеңіз.
28. Маркстік философияның негізі ретіндегі Гегель философиясына сипаттама беріңіз.
29. Постмодерн философиясы. Оның пайда болуын талқылаңыз.
30. Экзистенциализм философиясын талқылаңыз: негізгі идеялары мен өкілдері..

## 2 бөлім (эссе)

1. Ғылыми-техникалық прогресстің қазіргі замандағы орны және оның адам ойлауына әсері.
2. Еркіндік дегеніміз не? Көзқарасыңызды дәлелдеңіз?
3. Болашақ инженерлерге философияны оқу керек пе? Толық жауап беріңіз?
4. Философия сабағынан алған білімді өмірде қолдануға бола ма? Егер ия десеңіз, мысал келтіріңіз. Егер жоқ болса, мысал келтіріңіз.
5. Эвтаназиға көзқарасыңыз, келісесіз бе? Дәлел келтіріңіз.
6. Сіз әдебиетте, кинода, компьютерлік ойындарда философиялық идеяларды кездестірдіңіз бе? Олар туралы не ойлайсыз?
7. Философия ғылым ба?
8. 21 ғасырда философия мүмкін бе, немесе ол жеке ғылымдардың дамуында адам ойының тарихында ғана қала ма?
9. Қазіргі ғылым мен философия: өзарақарым-қатынас мәселесі.
10. Сіздің ойыңызша қазіргі қоғамда моральдың қайнар көзі неде?
11. Сіздің ойыңызша қоғамның прогресі дегеніміз не? Қоғамдағы прогресс техника мен ғылым прогресімен байланысты ма?
12. Адамның және оның өмірін, әлемдегі орнын, қоғамдық прогрессті, қазіргі эволюциясы туралы зерттейтін жеке ғылымдардың нәтижелерін жалпылаңыз..
13. Қоғамдық-экономикалық формацияның ұғымы мен құрылымын ашыңыз. Формация мен өркениет. Тарихы процесстің мәні.
14. Сіз «Философия» курсы аяқтадыңыз, философияға көзқарасыңыз өзгерді ме? Оқымай тұрғандағы пікіріңіз өзгерді ме?.
15. Адам- онда әлеуметтік көп пе, әлде биологиялық па?
16. Сіздің ойыңызша, адам қоғамында философияның пайда болуының себептері неде?
17. 20 ғасырда техниканың дамуы адамзатқа қауіпті деген пікірлер көп айтылды. Сіз қалай ойлайсыз, осы болжамдар расталды ма?
18. «Менің білетінім, ешнәрсе білмейтінім» Осы пайымдауды талқылаңыз.
19. «Ойлаймын, салдарынан өмір сүремін» Осы пайымдауды талқылаңыз.
20. Сіздің ойыңызша, ғылымда, философияда, өмірде, ақиқаттың объективті критерийлер бар ма?
21. Қандай философиялық мектеп (немесе қандай ойшылдың философиясы) Сізге жақын?
22. «Білім – күш». Осы пайымдауды талқылаңыз.
23. «Адам-барлық нәрсенің өлшемі» Осы пайымдауды талқылаңыз.
24. «Бәрі ағыста, бәрі өзгереді». Осы пайымдауды талқылаңыз.
25. «Мені не өлтірмейтін болса, сол мені қуаттандырады». Осы пайымдауды талқылаңыз.
26. Біз философия тарихынан «утопияларды», мінсіз мемлекет үлгілерін білеміз 20 ғасырда әдебиетте адами тарихтың ұсқынсыз «антиутопиялар» кең тарай бастады. Сіздің ойыңызша бұл немен байланысты?
27. Философия ғылымның дамуына көмектесе ме?
28. Мәңгілік ақиқаттар бар ма?
29. Жаһандық мәселелерді (жаһандық жылыну, ресурстардың жетіспеушілігі, аурулардың эпидемиясы) шешу мүмкін бе?
30. «Философия» курсы аяқтағаннан кейін, өзіңізге пайдалы нәрсе таптыңыз ба?,

**Емтиханды өткізу тәртібі:**

1. Емтихан 40- балдық бағалау жүйесін қолданатын жазбаша түрде өткізіледі.

2. Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады.

Бірінші сұраққа ең көп -10 балл қойылады, және екінші билеттің теориялық сұрағына да – 10 балл, эссеге – 20 балл қойылады.

Емтиханның қорытынды бағасы студенттің сұрақтар мен эссеге жинаған балдарымен анықталады.

3. Емтиханның ұзақтығы – 120 минут

4. Емтихан кезінде сыртқа шығуға тыйым салынады.

5. Егер студент емтиханның бірінші және екінші сұрағынан, сондай-ақ эсседен 10 балдан аз жинаса, емтихан «қанағаттандырылмаған» деген баға алады.

6. Шпаргалка, ұялы телефондар, кітаптар, калькулятор және басқа материалдарды, құрылғыларды қолдануға болмайды;

7. Тапсырмаларды орындау барсында басқа студенттерді мазалап, жұмыстарына кедргі жасамау керек;

8. Емтихан барысында сойлеуге болмайды.

**ЕМТИХАНДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИИЛЕРІ ( 1 және 2 сұрақ):**

**12-10 балдық баға қойылады:**

- егер студент дұрыс жауап берсе, яғни нақты, жан-жақты, дәлел келтірсе;
- тақырыпты игергендігін терминдермен, ұғымдармен көрсетсе;
- сөйлемі дұрыс құрастырылса.

**9 - 7 балдық баға:**

- егер студент қойылған сұраққа жауап берсе, бірақ сөйлемін құрастырғанда бір-екі қателік кетсе.
- негізгі принциптерді толық ашпаса да түсінгендігін көрсетсе.

**6 – 4 балдық баға:**

- билет сұрағына толық емес, жеке қателіктермен жартылай жауап берсе;
- үзік материалды ұсынса;
- емтихан сұрақтарына қатысты ұғымдарды қате қолданса.

**3 балдық баға:**

- жауабы толық болмаған жағдайда;
- ақпаратты толық емес, үзік-үзік көрсетсе;
- жауабы логика принципіне сәйкес келмесе.

**0 балдық баға** – егер студент жауабы билеттің сұрағына толық сәйкес келмесе; жауап мүлдем болмаса; емтихан аудиториясынан емтихан ережесін бұзғандығы үшін шығарылса.

**ЭССЕНІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИИЛЕРІ:**

**16-13 баллдық баға** келесі жағдайларда қойылады:

Емтихан сұрағына толық жауап беріліп, сұрақ мазмұны толық ашылғанда.

Жазба жұмысы мұқият жақылып, орынсыз қысқартуларсыз, бөтен жауап болмағанда.

**12-9 балдық баға.** – барлық талаптар орындалған, студенттің философиялық мәтінді анық та толық сараптап, өзіндік қолтаңбалық ерекшелігі бар ойларын дәйекті және айқын жеткізген. Терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған.

**7 - 5 балдық баға** – сұрақ тақырыбы қарастырылған, бірақ философиялық мәтіннің толық сарапталғаны байқалынбайды және студент өзінің ойын толық ашып көрсетпеді. Талаптар толық

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ

орындалмады, талаптар бойынша бір-екі қателіктер жіберілген.

**«қанағаттандырылмаған» (0 бал) бағасы келесі жауапта қойылады:**

Сұраққа дұрыс жауап жазбаған, негізінен қате пікірлер көрсетілсе. Жауапта негізгі ұғымдарға анықтама берілмесе.

6 Жұмыстарды бағалау критерилері:

7 Тапсырмалардың түрі бойынша ең көп баға

Тәжірбиелік сабақтардағы белсенділік	6
Тәжірбиелік тапсырмаларды орындау (СӨӨЖ )	10
1-ағымдық аттестация (Midterm)	13
Жобалық жұмыстар (презентациялар)	13
Студенттің өзіндік жұмысы (семестрлік жұмыс)	8
2-қорытынды аттестация (Endterm)	10
Қорытынды емтихан	40
<b>Барлығы</b>	<b>100</b>

<i>Әріптік жүйе бойынша бағалау</i>	Балдың сандық эквиваленті	% - мазмұны	<i>Дәстүрлі бағалау жүйесі</i>
A	4.0	95-100	Үздік
A-	3.67	90-94	
B+	3.33	85-89	Жақсы
B	3.0	80-84	
B-	2.67	75-79	
C+	2.33	70-74	
C	2.0	65-69	Орташа
C-	1.67	60-64	
D+	1.33	55-59	
D	1.0	50-54	
FX	0.5	25-49	Қанағаттандырылмаған
F	0	0-24	

**Талап етілген жұмыстардың тізбесі**

№ Р.с	Бақылау түрі	Аптан ың ең көп балы	Апталар															Қоры тынд ы ең көп бал
			1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	
1	Тәжірбиелік сабақтардағы белсенділік	0,5		*	*	*	*	*	*		*	*	*	*	*	*		6
2	Тәжірбиелік тапсырмаларды орындау (СӨӨЖ )	2				*		*			*		*		*			13

3	Жобалық жұмыстар (презентациялар)	2					*		*			*		*		*	13
4	1-ағымдық аттестация (Midterm)	10,0							*								10
5	Студенттің өзіндік жұмысы (семестрлік жұмыс)	2		*			*			*		*					8
6	2-қорытынды аттестация (Endterm)	10,0														*	10
7	<b>Қорытынды емтихан</b>	40															40
8	Барлығы																100

\*қосымша тапсырмаларды орындағанда бонустық бал алу мүмкіндігі.

#### 8 Жұмыстарды уақытында өткізбеу саясаты:

Жұмыстарды уақытында өткізбеген жағдайда баға 1 балға кемітіледі.

#### 9 Сабақтарға қатысу саясаты:

Студент дәріс, тәжірбие сабақтарына дайындалып келуі қажет. Осы силлабустың 9 пунктінде «Талап етілген жұмыстарды тапсыру тізбесінде» «Дәріс сабағындағы белсенділік/тәжірбие сабақтарындағы белсенділік» көрсетілген, яғни сабақтарға қатысқаны үшін қосымша балды жинауға мүмкіндік бар. Уақытылы семинарлық, сондай-ақ (тәжірбиелік және өзіндік жұмыстарды) толығымен орындау талап етіледі. Студент сабақтан қалуға және кешігуіне болмайды. Егер Сіз белгілі-бір себептермен ағымдық емтиханға қатыспайтын болсаңыз оқытушыны алдын-ала ескертіңіз. Емтиханға себепсіз келмеу оны тапсыру құқығынан айырады.

#### 10 Академиялық мінез-құлық пен этиканың саясаты:

Сабырлы болыңыз, басқа адамдардың пікіріне құрметпен қараңыз. Қарсы ойыңызды дұрыс жеткізіңіз. Плагиат және басқа жұмыстарды көшіруге тыйым салынады. Емтихан кезінде басқа студенттің жұмысын көшіруге болмайды, сондай-ақ басқа студент үшін емтихан тапсыруға болмайды. Осындай іске барған студент «F» бағасын алады.

**13. Согласно «Кодексу академической честности НАО КазННТУ им.К.И.Сатпаева» принятого 18.01.2018 г., «Академическая политика и правила обучения в КазННТУ» подразумевают неукоснительное соблюдение принципов Академической честности всеми участниками академического процесса, включающей сочетание ценностей и принципов, которые развивают личную честность в обучении и оценивании всех участников академического процесса. Академическая честность также включает достойное поведение при проведении письменных контрольных работ, экзаменов, эссе, исследований, презентации.**

**А так же в пункте 5 Основные факторы нарушения принципов академической честности, написано:**

**«5.1 К академической нечестности, академической непорядочности и академическому обману относятся следующие явления:**

- **Плагиат: дословное воспроизведение работы другого автора (коллектива, организации или сообщества) без указания автора умышленное и не умышленное;**
- **Фабрикация, фальсификация авторства, данных по изданию и публикации, информации»**
- **Списывание: попытка учащегося получить помощь в выполнении письменной работы, так что бы об этом не узнал преподаватель или экзаменатор;**

- **ложь: предоставление ложных сведений преподавателю;**
- **саботаж: попытка помешать другим выполнить академическую работу.**

*Қоғамдық пәндер кафедрасының мәжілісінде қарастырылған,  
№ 2хаттама «20» тамыз 2019 ж.*

**Құрастырушы:** Манапова С.И. лектор \_\_\_\_\_